

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі «Қайыңдысай негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалауының қорытындылары бойынша ЕСЕБІ

Бақылау түрі: өзін-өзі бағалау

Өзін-өзі бағалау жүргізуге негіз: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 3 тамыздағы № 634 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық», "Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығы"

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 10.09.2021жылғы №700 бұйрығына сәйкес Қайыңдысай негізгі мектебінде «Өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру туралы» 27.04.2023ж №50 бұйрығы шығарылып, комиссия құрамы бекітілді.

Тойлыбаев Б. К. – мектеп директоры, комиссия төрағасы

Курмангалиева А. С. – ОІЖ орынбасары, комиссия төрағасының орынбасары

Мухамеджанова Б. Б. – ТІЖ орынбасары, комиссия мүшесі

Акжигитова Г. Б. – педагог-психолог, комиссия мүшесі

Дузбаева М. А. – МАД тәрбиешісі, комиссия мүшесі

Өзін-өзі бағалау барысында төмендегі мәселелер тексеріліп сарапталды, олар:

- 1) білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
- 2) оқу және оқыту;
- 3) білікті қызметкерлердің болуы;
- 4) қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
- 5) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 6) тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.

1.Қайыңдысай негізгі мектебіне жалпы сипаттама

Білім беру мекемесінің толық атауы «Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданның білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қайыңдысай негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

БСН 000740002526, заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі 2021 жылдың 11 қаңтарында берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні – 04.07.2000ж.

Заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы Алға ауданы Маржанбұлақ ауылдық округі Қайыңдысай ауылы ІІ. Алтынсарин көшесі 2А ғимарат, Электрондық мекен-жайы: kaiyndysai_nm@mail.ru, Телефон: 8 (71337) 6-89-53. Мектептің сайты: <http://kaiyndysai.alga-roo>

Тойлыбаев Бауыржан Кыстаубаевич 2006 ж.16.10. №1-104/5 бұйрығымен

Қайыңдысай негізгі мектебінің басшысы қызметіне тағайындалды.

05.08.2015 жылы «Алға аудандық білім бөлімі»ММ –нің №12-57/11бұйрығымен №3 хаттамасының негізінде басшылық қызметіне қайта тағайындалды.

25.012.2018 жылы «Алға аудандық білім бөлімі»ММ –нің №1-94&3 бұйрығымен басшылық қызметіне қайта тағайындалды. Негіз: Аудан әкімінің 24.01.2018 жылғы №47 Қаулысы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару базалық құрылымын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы » 2013 жылғы 18 маусымдағы №608 қаулысы негізінде және Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы 23 желтоқсандағы № 469 қаулысына сәйкес 2021 жылдың 5 қаңтарынан бастап «Қайыңдысай негізгі мектебі»коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директор қызметінде қалдырылды.

Жылжымайтын мүлік жөніндегі 2012 жылы берген техникалық төлқұжаты бар. Тұрақты жер пайдалану құқығын беретін АКТ № 0149055 берілген. Меншік иесі құқық иесі туралы жер учаскесінің кадастрлық № 02-022036913

Мекен – жайы Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Алға ауданы,Қайыңдысай ауылы,Алтынсарин2 көшесі. Қабат саны -2, ғимарат көлемі-1539,0 кв.м, салынған жылы-2012

Мектептің техникалық паспорты 13.11.2016 жылы жасалған. Қабат саны-2, құрылыс ауданы-1108,1 ғимараттың көлемі -7077, жалпы алаң – 1510,9, салынған жылы-2010 жыл (көшірме қосымша ұсынылды).

Қайыңдысай негізгі мектебінің уәкілетті органы және құрылтайшысы – ТОО «Темиржолдезинфекция» және Алға аудандық білім бөлімі архитектурасы болып табылады.

Тұрақты жер пайдалану құқығын беретін акт кадастрлық номері: 02-022-036-913. Жер учаскі алаңы : 1,51 га № 0149055 (көшірме қосымша ұсынылды).

Мектептің білім беру қызметі ҚР «Білім туралы» заңына, ҚР бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің нормативті құжаттарына, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің нұсқаулық хаттары мен бұйрықтарына, ҚР орта жалпы білім берудің бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдары қызметінің типтік Ережелеріне, Мектеп Жарғысына сәйкес жүзеге асырылуда.

Негізгі орта білім беру қызметімен айналысуға құқық беретін мемлекеттік лицензия: 22.01.2021 жылғы №KZ40LAA00019851 (көшірме қосымша ұсынылды).

Мектептің қаржы-экономикалық жағы аудандық білім беру бөлімінде орталықтандырылған. Мекеменің мөрі бар.

Қайыңдысай негізгі мектебінің Мектепшілік тәртіп ережелері «Білім туралы» Заң, Жарғы және басқа да азаматтық қатынастарды реттейтін нормативті құқықтық құжаттар негізінде құрылған.

2. Кадрлық құрамға талдау

“Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 14 шілдедегі № 339 бұйрығы негізінде білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тексерілді.

Мектептің педагогикалық ұжымының сапалық және сандық құрамының талдауы мектептің қажетті оқу – педагогикалық потенциалымен толық қамтылған. Мектепте Қазақстан Республикасы мемлекеттік стандартымен қарастырылған барлық пәндер жүргізіледі. Педагогтердің жеке іс-құжаттары, еңбек және санитарлық кітапшалары талапқа сай келеді. Мектепте мамандар есебі жүргізілген.

Оқу жыл ы	Мұғ сан ы	Жоғары санатты		I санатты		II санатты		Педагог- шебер		Педагог- зерттеуші		Педагог- сарапш ы		Педагог- модерат ор		Педагог		Сапалық көрсеткіш	
		сан ы	%	сан ы	%	сан ы	%	сан ы	%	сан ы	%	сан ы	%	сан ы	%	са ны	%		
		Бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы																	
2023-2024	4	0	0	0	0	0	0	0	0	1	25	2	50	0	0	1	25	100	
Ескертулер:2020-2021 оқу жылына																			-
- Бастауыш сыныптарға сабақ берген (бастауыш мұғалімдері) – 4мұғалім. Оның ішінде “Педагог-зерттеуші”-1 “педагог-сарапшы” – 2, “педагог” – 1. - Бастауыш сыныптарға сабақ берген пән мұғалімдері - 6.Дене шынықтыру- Тойлыбаев Б. К., Курманғалиев К. У.. Көркем еңбек, бейнелеу өнері , еңбекке баулу-Дюзелбаева Г. У., Орыс тілі- Курманғалиева А. С., ағылшын тілі- Жомартова Н. Ж., Қуанышев М. К. Оның ішінде педагог-зерттеуші -1, “педагог- сарапшы”- – 2, модератор-1, педагог– 2. Жомартова Н. Ж. 26.04.2024 ж бастап 35 бұйрық негізінде декреттік демалысқа шықты																			-
		Негізгі орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы																	
2023-2024	18	0	0	0	0	1	6	0	0	1	6	7	39	1	6	8	44	100	
Ескертулер:2023-2024 оқу жылында																			-
Негізгі орта сапалық құрамына педагог-психолог, тәрбиеші , совместитель кіріп тұр (15 пән мұғалімі+1 психолог+1 тәрбиеші+1 совместитель) Таниберген Н. Е. -география пәні мұғалімі-совместитель - Жапакова Д. Е. -тәрбиеші 18.09.2023ж 98 бұйрық негізінде декреттік демалысқа шықты - Жомартова Н. Ж. -ағылшын тілі мұғалімі 26.04.2024ж 35 бұйрық негізінде декреттік демалысқа шықты																			-

Бастауыш сыныптарға сабақ беретін пән мұғалімдері бар. Мысалы, орыс тілі, ағылшын тілі, дене шынықтыру, көркем еңбек пән мұғалімдері.

Негізгі орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы қазіргі таңда 59 % көрсетуде. Тәрбиеші Жапакова Д. Е. 18.09.2023ж бұйрық 98 -декреттік демалысқа шықты. Ағылшын тілі мұғалімі Жомартова Н. Ж. 26.04.2024ж бұйрық 35 -декреттік демалысқа шықты.

Тиісті бейін бойынша жоғары педагогикалық білімі бар педагогтер туралы немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтер туралы мәліметтер

Оқу жылы	Педагог кадрлар	Жоғары білімді	Арнаулы білімді	Ескертулер
2023-2024	22	21	1	
Ескерту: 2023-2024 оқу жылында базалық білімдері жоқ мұғалімдер болған емес				

Басшы кадрлардың біліктілігін арттыру курстарынан өткені туралы мәліметтер

Оқу жылы	Мектеп директоры	Директордың оқі ісі жөніндегі орынбасары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
2023-2024	“Шағын жинақталған мектепті басқарудағы цифрлық шешімдер” 11.09-22.09.2023ж.	“Білім берудегі менеджмент” 16.10-27.10.2023ж. 80 сағ Өрлеу “Шағын жинақталған мектепті басқарудағы цифрлық шешімдер” 11.09-22.09.2023ж.80 сағ “Кадровый резерв руководителей школ: потенциал и стратегия развития” 03.07-14.07.2023ж.80 сағ ЦПМ “Буллинг: причины, формы, профилактика” 31.03.2023ж 8сағ Критериалды бағалау жүйесін енгізу бойынша өңірлік және мектеп үйлестірушілерінің біліктілігін арттыру курсы. 07.11-18.11.2016ж. 80 сағ ЦПМ	-----

Педагогтердің кадрлардың біліктілігін арттыру курстарынан өткені туралы мәліметтер

Оқу жылы	Барлық педагогтар	Базалық	Жаңартылған білім беру	Инклюзив	Педагогтердің ІТ құзыреттілігін арттыру (ББДО)
2023-2024	22	16	-	-	7
Ескерту: - 2023-2024 оқу жылында мектепте 22 педагог жұмыс жасады. Соның ішінде Танирберген Н. Е. -совместитель. Соңғы 2023-2024 оқу жылында тиісті бейіндері бойынша біліктілік арттыру курсынан өткендері – 16 педагог . Біліктілік арттыру курсы бойынша -73 %. - Біліктілік арттыру курсынан өтпегендер-1 педагог. - Жас маман (Жапакова Д. Е.- тәрбиеші., өтпеген себебі: декреттік демалысқа шығып кетті)					

2023 – 2024 оқу жылының кестесінде барлық 22 педагог көрсетілген. Оның 20- сы пән мұғалімдері, 1 педагог-психолог, 1совместитель. 2023 жылдың 18.09.нан бастап 1 мұғалім (тәрбиеші Жапакова Д. Е), 2024 жылдың 26.04 нен бастап 1 мұғалім (ағылшын тілі мұғалімі Жомартова Н. Ж.) декреттік демалысқа шыққан.

Білім беру ұйым басшыларының 3 жылда бір рет аттестаттаудан өткендігі туралы мәліметтер.

1. Мектеп директоры Тойлыбаев Бауыржан Кыстаубаевич – 2024 жылдың ІІ ж/ж өтуге жоспарланған.
2. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Курманғалиева Айгуль Сатубалдиевна – Ақтөбе облысының білім басқармасының 2021 жылғы 22 шілде № 191 бұйрығымен “екінші” біліктілік санаты берілген.
3. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мухамеджанова Базаргуль Бердигалиевна– лауазымы бойынша еңбек өтілі –3ж7 ай.

Педагогтердің сапалық және сандық құрамының кестесі

Мәлімет	2023-2024
Педагогтардың жалпы саны	22
Жоғары білімді	21
Арнаулы білімді	1
Жоғары санатты	0
Бірінші санатты	0
Екінші санатты	1
Педагог	9
Педагог-зерттеуші	2
Педагог-сарапшы	9
Педагог-модератор	1
Сапалық құрам бойынша	59%

Білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен конкурстар мен жарыстардың соңғы жылдағы аудандық, облыстық, республикалық кезеңдерінің жеңімпаздарын дайындаған педагогтер туралы мәліметтер

Оқушы жетістігі

Мұғалімнің аты - жөні	2023-2024 оқу жылы
Ақжігітова Барлықбайқызы	Гүлсая 1.«Жаңа Қазақстан» Республикалық дарынды жастарды қолдау ұйымының ұйымдастыруы мен өткізілген Республикалық «Мағжан оқулары» конкурсына қатысып, үздік өнер көрсеткендері І дәрежелі диплом 22.12.2023ж Алдамұратова Райхан Қуаныш Бекнұр Сергеев Мирас Амангелді Жанайым Болатов Назар Саянов Бақдәулет Жоламанов Алихан 2. «Тәуелсіз ел жастары» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен өткізілген «Мұқағали оқулары» республикалық байқауда көркем сөз оқу бойынша үздік өнер көрсеткен І дәрежелі диплом 23.12.2023ж Алдамұратова Райхан

Дуйсенова Муслима Багытжанова	1)Республикалық: «Ақ бота» интеллектуалдық марафонның жүлдегері: Аққабай А,Халап С,Болатов Р,Мұханбетқали А,2023,ақпан. 2)Республикалық «Мұқағали оқулары» атты байқаудан II орын алған Аққабай Аягөз, 2023,ақпан. 3)Аудандық: «Бастау» олимпиадасы Алғыс хат,2023,сәуір. 4)Респуб:Диплом I орын: «Жас зерттеуші» -2023 жыл,Аққабай Аягөз . 5) Респуб:Диплом I орын :»Илияс оқулары» конкурс жеңімпазы Аманалы Иса марапатталады, 10.102023 жыл. 6) Респуб:Диплом II орын: «Абай оқулары» тақырыбындағы мәнерлеп оқу байқауына қатысып, аққабай Аягөз марапатталады, 05.10.23 жыл.
Хасимова Айнура Конысбаевна	III дәрежелі диплом Оқу-ағарту министрлігінің №514 бұйрығына сүйене «Мың бала» республикалық зияткерлік орталығының ұйымдастыруымен өткен 2023-2024 оқу жылының қараша айындағы «Абай оқулары» конкурсына қатысып, III орын иеленгені үшін Саянов Жандаулет марапатталады III дәрежелі диплом Оқу-ағарту министрлігінің №514 бұйрығына сүйене «Мың бала» республикалық зияткерлік орталығының ұйымдастыруымен өткен 2023-2024 оқу жылының қараша айындағы «Абай оқулары» конкурсына қатысып, III орын иеленгені үшін Болатова Аида марапатталады I дәрежелі Диплом ҚР Оқу-ағарту министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы №514 бұйрығына сүйене отырып, «Akberen Edukation» -Ақберен республикалық танымдық-шығармашылық журналы ұйымдастырған қазан –қараша айындағы Республикалық «Мақатаев оқулары » конкурсына қатысып, I орынға ие болғаны үшін Алдамұратов Дәулет марапатталады. I дәрежелі Диплом «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақ бота» зияткерлік олимпиадасының жеңімпазы I дәрежелі Диплом «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақ бота» зияткерлік олимпиадасының жеңімпазы I дәрежелі Диплом «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақ бота» зияткерлік олимпиадасының жеңімпазы I дәрежелі Диплом «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығының

		ұйымдастыруымен жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақ бота» зияткерлік олимпиадасының жеңімпазы I дәрежелі Диплом «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақ бота» зияткерлік олимпиадасының жеңімпазы
Жарылғасынова Елемесқызы	Ағзия	"Кенгуру" ойын -конкурсының жүлдегері ДИПЛОМ 2 дәрежелі KENG-D-2023-074425, Есеналы Айару "АҚБОТА" зияткерлік олимпиадасының жеңімпазы ДИПЛОМ 2 дәрежелі №АqBT-D-II-2023-773411, Есеналы Айару
Дюзелбаева Утаралиевна	Гулжихан	Диплом III орын «Бояаулар құпиясы» жаса суретшілердің байқауының аудандық кезеңінде жүлделі III орын ие болған Қайыңдысай негізгі мектебінің оқушысы марапатталады. № 00000339, Халапова Сымбат Диплом II дәрежелі негізінде « Жаңа Қазақстан» республикалық дарынды жастарды қолдау ұйымының ұйымдастыруымен балабақша тәрбиеленушілері, мектеп алды даярлық сыныптары және мектеп оқушылары арасында өткізілген республикалық «Әбілхан ата мұрасы» атты сурет -қолөнер байқауында үздік өнер көрсетіп, жеңімпаз атанған Халап Сезім марапатталады. Тіркеу : JK77797 Диплом I дәрежелі негізінде « Жаңа Қазақстан» республикалық дарынды жастарды қолдау ұйымының ұйымдастыруымен балабақша тәрбиеленушілері, мектеп алды даярлық сыныптары және мектеп оқушылары арасында өткізілген республикалық «Әбілхан ата мұрасы» атты сурет -қолөнер байқауында үздік өнер көрсетіп, жеңімпаз атанған Халап Сайда марапатталады. Тіркеу : JK77794 Диплом II дәрежелі негізінде « Жаңа Қазақстан» республикалық дарынды жастарды қолдау ұйымының ұйымдастыруымен балабақша тәрбиеленушілері, мектеп алды даярлық сыныптары және мектеп оқушылары арасында өткізілген республикалық «Әбілхан ата мұрасы» атты сурет -қолөнер байқауында үздік өнер көрсетіп, жеңімпаз атанған Сергеев Дидар марапатталады. Тіркеу : JK77791 Диплом II дәрежелі негізінде « Жаңа Қазақстан» республикалық дарынды жастарды қолдау ұйымының ұйымдастыруымен балабақша тәрбиеленушілері, мектеп алды даярлық сыныптары және мектеп оқушылары арасында өткізілген республикалық «Әбілхан ата мұрасы» атты сурет -қолөнер байқауында үздік өнер көрсетіп, жеңімпаз атанған Максұров Әділхан марапатталады. Тіркеу : JK77793 Диплом II дәрежелі негізінде « Жаңа Қазақстан» республикалық дарынды жастарды қолдау ұйымының ұйымдастыруымен балабақша тәрбиеленушілері, мектеп алды даярлық сыныптары және мектеп оқушылары арасында өткізілген республикалық «Әбілхан ата мұрасы» атты сурет -қолөнер байқауында үздік өнер көрсетіп, жеңімпаз атанған Қуаныш Бекнұр марапатталады. Тіркеу : JK77796 Диплом I дәрежелі Қазақстан Республикасының Оқу ағарту министрілігінің №514 бұйрығына сүйене отырып «Алтын білім кілті» әдістемелік ғылыми- зерттеу орталығының қолдауымен Халақаралық

	«ZEYINDI_BALA»балалар журналының ұйымдастыруымен өткен «Бояаулар құпиясы» атты конкурсна бейнелеу және көркем еңбек бағыты бойынша қатысып жүлделі орын алғаны үшін марапатталады. Тіркеу : 000618 Диплом I дәрежел Қазақстан Республикасының Оқу ағарту министрлігінің №514 бұйрығына сүйене отырып «Алтын білім кілті» әдістемелік ғылыми- зерттеу орталығының қолдауымен Халақаралық «ZEYINDI_BALA»балалар журналының ұйымдастыруымен өткен «Бояаулар құпиясы» атты конкурсна бейнелеу және көркем еңбек бағыты бойынша қатысып жүлделі орын алғаны үшін марапатталады. Тіркеу : 0006121
Наурызова Қуанышкалиева Акбаян	«Бастау» республикалық олимпиадасында II орын алғаны үшін.2023-2024 оқу жылы Сергеев Дидар «Бастау» республикалық олимпиадасында II орын алғаны үшін. 2023-2024 оқу жылы Болат Нұрдәулет II дәрежелі диплом. Жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақбота» зияткерлік олипиадасының жүлдегері. 2023-2024 оқу жылы Сергеев Дидар II дәрежелі диплом. Жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақбота» зияткерлік олипиадасының жүлдегері. 2023-2024 оқу жылы Болат Нұрдәулет «Мағжан оқулар» конкурсы.II орын. 2023-2024 оқу жылы Есембай Ержан «Мағжан оқулар» конкурсы.II орын. 2023-2024 оқу жылы Болат Нұрдәулет «Абай оқулар» конкурсы.II орын 2023-2024 оқу жылы Сергеев Дидар «Абай оқулар» конкурсы.I орын 2023-2024 оқу жылы Болат Нұрдәулет

Мұғалім жетістігі

№	Мұғалімнің аты-жөні	2023-2024 жетістіктері		
		Аудандық	Облыстық	Республика
1	Дуйсенова Муслима		II дәрежелі диплом: Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған облыстық олимпиада ,2023,ақпан	«Парасатты педагог» атты байқау жеңімпазы, 20.10.2023ж. I дәрежелі Диплом: Халықаралық «Өрлеу – өркендеу» ғылыми-ақпараттық танымдық тәрбие журналының ұйымдастыруымен өткізгілген «Үздік педагог» атты байқау жеңімпазы, 20.10.2023ж. I дәрежелі Диплом: Бастауыш сынып мұғалімдері арасында өткен облыстық пәндік олимпиада да 1 орынға ие болғаны үшін, Ақтөбе қыркүйек 2023 ж. Алғыс хат «Ілияс оқулары» конкурсына шәкірт дайындағаны үшін,

			10.10.2023 ж.
2	Дюзелбаева Гулжихан Утаралиевна		Алғыс хат - «Дизайн және көркемдік модельдеу саласында мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру» тақырыбындағы облыстық семинар - практикумда әс-тәжірибелерімен бөліскені үшін берілді. Алғыс хат Қазақстан Республикасының Оқу ағарту министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсанындағы № 514 бұйрағы негізінде «Жаңа Қазақстан» республикалық дарынды жастарды қолдау ұйымының ұйымдастыруымен балабақша тәрбиеленушілері, мектеп алды даярлық сыныптары және мектеп оқушылары арасында өткізілген республикалық «Әбілхан ата мұрасы» атты сурет - қолөнер байқауында жеңімпаз шәкірттер дайындағыны үшін марапатталады Тіркеу номері : JK 78287 Алматы ,2024 жыл Алғыс хат «Алтын білім кілті» әдістемелік ғылыми-зерттеу орталығының қолдауымен Республикалық көлемде «ZEYINDI_BALA» балалар шығармашылығының ұйымдастыруымен өткізілген «Бояаулар құпиясы» атты балалар арасындағы байқаудың кеі көлемде таралып өтуіне үлесіңіз үшін сізге алғыс білдіремін. Тіркеу: ТД 000111 Құрмет грамотасы Қазақстан Республикасының Оқу ағарту министрілігінің №514 бұйрығына сүйене отырып «Алтын білім кілті» әдістемелік ғылыми-зерттеу орталығының қолдауымен Халақаралық «ZEYINDI_BALA» балалар журналының ұйымдастыруымен өткен «Бояаулар құпиясы» атты конкурсна шәкірт

			дайындап ,өнерге деген құштарлығын оятқаны үшін марапатталады. Тіркеу: ТД 000112
3	Хасимова Айнур Конысбаевна	III дәрежелі диплом Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Алтын Тұғыр» математикалық олимпиадасының аудандық кезеңінің жеңімпазы. III дәрежелі диплом «Үздік класс жетекші-2023» аудандық байқауына белсене қатысып, жаңашыл бағытындағы шығармашылық шеберлігі үшін	I дәрежелі Диплом Халықаралық ғылым мен білімді қолдау орталығының ұйымдастыруымен өткен білім саласы қызметкерлеріне арналған «Педстарт -2023» атты III республикалық байқауына «Үздік бастауыш сынып мұғалімі» номинациясы бойынша қатысып үздік нәтиже көрсеткені үшін Алғыс хат Оқу-ағарту министрлігінің №514 бұйрығына сүйене «Мың бала» республикалық зияткерлік орталығының ұйымдастыруымен өткен 2023-2024 оқу жылының қараша айындағы «Абай оқулары» конкурсына шәкірт бойындағы дарынды шыңдауға ат салысып, білім саласына қосқан үлесі үшін Алғыс хат ҚР Оқу-ағарту министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы №514 бұйрығына сүйене отырып, «Akberen Edukation» - Ақберен республикалық танымдық-шығармашылық журналы ұйымдастырған қазан –қараша айындағы Республикалық «Мақатаев оқулары » конкурсына жеңімпаз тәрбиелеп белсенділік танытқаны үшін I дәрежелі Диплом Халықаралық ғылым мен білімді қолдау орталығының ұйымдастыруымен өткен білім саласы қызметкерлеріне арналған «Педстарт -2024» атты

				III республикалық байқауына «Үздік бастауыш сынып мұғалімі» номинациясы бойынша қатысып үздік нәтиже көрсеткені үшін
4	Жарылғасынова Ағзия Елемесқызы		Математика пәні мұғалімдері арасында өткен облыстық пәндік олимпиада 2 дәрежелі ДИПЛОМ (қазан 2023) Математика пәні мұғалімдері арасында өткен облыстық пәндік олимпиада 2 дәрежелі ДИПЛОМ (наурыз2024) Педагогикалық инновацияларды оқу-тәрбие жүйесінде белсенді пайдаланып,бұқаралық ақпараттық құралда насихаттағаны үшін АЛҒЫС ХАТ, 2024ж	
5	Ақжігітова Гүлсая Барлықбайқызы	1.Нашақорлықтың алдың алу мақсатында ұйымдастырылған әйелдер арасында волейболдан «Үздік байланыстырушы» номинациясы- Мадақтама 20.03.2024ж	«5 жастағы балаларда қарапайым логикалық-матемаикалық көріністерді қалыптартыру бойынша жұмыс әдістері» тақырыбындағы облыстық озық тәжірбиесімен бөліскені үшін Алғыс хат 05.04.2024ж	..«Мағжан оқуларына» белсенділік танытқан үшін «Құрмет грамотасы» 22.12.2023ж 2. «Мұқағали оқулары» атты республикалық байқауға шәкірт дайындағаны үшін Алғыс хат 23.12.2023ж

3.Білім алушылар контингенті
Білім алушылардың контингентінің сандық құрамы:

2023 – 2024 оқу жылы

№	контингенттің құрылымы	бастауыш мектеп		негізгі мектеп		мектеп бойынша барлық контингент	
		жалпы сынып саны	оқушы-лар саны	жалпы сынып саны	оқушы-лар саны	жалпы сынып саны	оқушы-лар саны

1	жалпы білім беретін сыныптар	3	23	5	19	8	42
---	------------------------------	---	----	---	----	---	----

Білім алушылардың контингентінің қозғалысы

Оқу жылы	Сыныптар	Оқушылар саны оқу жылы басында	Келген оқушылар саны	Кеткен оқушылар саны	Оқушы саны оқу жылы соңында
2023-2024	2 а-сынып	7	0	0	7
	3 а-сынып	8	0	0	8
	4 а-сынып	8	0	0	8
Барлығы	1-4 сыныптар	23	0	0	23
2023-2024	5а -сынып	3	1	0	4
	6а-сынып	2	0	0	2
	7а -сынып	3	0	0	3
	8а-сынып	6	0	0	6
	9а -сынып	4	0	0	4
Барлығы	5-9 сыныптар	18	1	0	19
Жалпы	2-9 сыныптар	41	1	0	42

4. Оқу-әдістемелік жұмыс

І. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

1) Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген оқу жұмыс жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ ҰОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкестігі. Бағалаланатын кезеңдегі әзірленген және бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің көшірмелері қоса беріледі

2) 2023-2024 оқу жылының жұмыс оқу жоспары тексерілді.

2023-2024 оқу жылында

2-4 сыныптарда бастауыш білім беруді ұйымдастыруда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығының 1-қосымшасы негізге алынды.

5-9 сыныптарда негізгі орта білім беруді ұйымдастыруда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығының 6-қосымшасы негізге алынды.

2023-2024 оқу жылының оқу жоспары сараланды. Оқу жоспар «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрығы негізінде білім салалары және оқу пәндері дұрыс жазылған, апталық сағат сандары дұрыс, жалпы апталық, жылдық жүктемелер дұрыс есептелгені анықталды. Ата-аналар комитетімен келісілген, мектеп директорымен бекітілген сабақ кестелері «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы №611 бұйрығының (2021 жылы 6 тамыз №76 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар) 72, 73, 74 тармақтарының талаптарына сәйкес. 2-4 бастауыш сыныптарға, 5-9 сыныптарға арналған сабақ кестелерін құруда білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілгендігі анықталды. (оқу жоспарлары мен сабақ кестелері электрондық нұсқада жалғанып салынды)

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы; ҚР Оқу-ағарту министрінің 21.11.2022ж № 467, 05.07.2023ж № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

№	Жылдар	2023-2024 о.ж
---	--------	---------------

1	Қазақ тілі	73,8
2	Қазақ әдебиеті	78,5
3	Орыс тілі мен әдебиеті	84,2
4	Орыс тілі	69,6
5	Ағылшын тілі	68,6
6	Математика, алгебра, алгебра және анализ бастамалары	76,2
7	Геометрия	69,2
8	Информатика	94,7
9	Дүниетану	87
10	Жаратылыстану	82,8
11	География	92,3
12	Биология	69,2
13	Физика	69,2
14	Химия	61,5
15	Қазақстан тарихы	89,4
16	Дүниежүзі тарихы	84,2
17	Адам және қоғам. Құқық	100
18	Көркем еңбек	-
19	Дене шынықтыру	-
20	Музыка	-

Білім сапасы

	2023-2024 оқу жылы
Оқушы саны	42
Оқу озаттары	2
Оқу екпінділері	23
Білім сапасы	59,5

2023-2024 оқу жылы

1-9 сыныптарда «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі №406 бұйрығының 43, және 44 тармақтарындағы өзгерістер енгізу туралы;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығына 1 -қосымшасы, ҚР Оқу -ағарту министрінің 2022ж 12 тамыздағы № 365 бұйрығы 6- қосымшасы); "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығы (02.11.2022ж. -бастап өзгерістер енгізілген) басшылыққа алынған.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары; “Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы” Қазақстан

Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 21.11.2022ж № 467; 05.07.2023ж № 199 бұйрығы негізінде ұзақ мерзімді жоспарлары (29.09.2023 жылы әдістеме бірлестік отырыстарында) талданып өзгерістер енгізілген.

Өзін-өзі бағалау барысында жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары Күнделік.кз-те толтырылуы сәйкестендіріле отырып тексерілді. Оқу жоспарының инвариантты бөлімінен сағаттар пәндерге Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сай бөлініп, оқытылған барлық сағаттар Білімкласста толтырылған.

5) Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру (бағаланатын кезеңге тәрбие жұмысы жоспарының көшірмесі қоса беріледі);

«Қайыңдысай» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2022-2023 оқу жылының тәрбие жұмысының жоспары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 бұйрығы, «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатты және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы негізінде 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында,ҚР үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасының 2015 жылғы 22 сәуірдегі №227 бұйрығы және ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 29 маусымдағы №873 қаулысы,Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы «1» қазандағы №525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020-2025 жылдарға арналған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы негізінде жасалды.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері «Рухани жаңғыру» бағдарламасының отбасылық тәрбие құндылықтары, сондай-ақ оқу және тәрбие процестерінің өзара кірігуі негізінде білім беру процесінің тәрбиелік әлеуетін арттыруға, оқыту мен тәрбиенің кіріктірілуіне, тәрбие әдіснамасын, мазмұны мен құрылымын жаңартуға бағдарланған. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінде олар жіктеліп берілді және соған сәйкес, тәрбиенің базалық мазмұнын жаңартудың басым бағыттары анықталады.

2023-2024 оқу жылы бойынша Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша жылдық жоспар құрылып іс шаралар өткізілді.

Жалпыазаматтық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу. Біртұтас тәрбие бағдарламасы ұлттық адами құндылықтарға негізделген.

Тәрбие мақсаты: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

ата-ананың өсиетін тыңдауға, перзенттік парызын түсінуге, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге тәрбиелеу;

ұлттық мұраны қастерлеуге; қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу;

жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру;

денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ой тазалығына және эмоционалды тұрақтылыққа баулу;

табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Бүгінгі өскелең ұрпақ тәрбиесі еліміздің болашақтағы жарқын келбетін айшықтайды. Құндылық адамның өмірлік ұстанымына, таңдауына, шешім қабылдауына ұстын болатын көзқарастар жүйесін қалыптастыруға ықпал етеді, оның іс-әрекетін, мінез-құлқын анықтайды.

Әдептілік, әділеттілік, мейірімділік, адалдық, отаншылдық, қамқорлық, жауапкершілік, еңбекқорлық, бірлік, ризашылық, бауырмашылдық, ұлттық мұра мен қазақ тілін қастерлеу, қоғам игілігіне қызмет ету, салауатты өмір салтын ұстану секілді қасиеттерді қалыптастыруға тұғыр болатын ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарын дарыту қажет.

Ұлттық мүдде құндылығы Қазақстанның мемлекеттілігін нығайтуға атсалысуға, оңтайлы имиджін қалыптастыруға, еліміздің мүддесіне, қоғам игілігіне адал қызмет етуге, ұлттық мұраға ұқыптылықпен қарауға және оны дәріптеуге, қазақ тілінің аясын кеңейтуге үлес қосатын, құқықтық, экологиялық мәдениеті жоғары ұрпақ тәрбиелеуге тұғыр болады.

Ұлттық мүдде құндылығын дарыту арқылы отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл, мемлекеттік рәміздерді қадірлейтін, елінің тарихын құрметтейтін, ұлттық мұраны, мәдениетті дәріптейтін, құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары тұлға тәрбиелеуді көздейді.

Ар-ұят құндылығы этикалық принциптерді қалыптастыруға, өзін және өзгелерді құрметтеуге, өз ісіне жауапкершілікпен қарауға, мінез-құлықты нығайтуға және жауапты азамат болуға ынталандырады және мейірімділікке, еңбекқорлыққа баулуды көздейді. Өйткені білім де, ғылым да ерен еңбекпен келеді. Еңбек адам өмірінде маңызды. Адамның рухани дамуына, кәсіби әлеуетінің жетілуіне, қоғамдық сананы жаңғыртуға, ел экономикасын көркейтуге тұғыр болады. Ар-ұят құндылығы академиялық адалдық қағидатын қолдау, адал еңбекті құрметтеу, сөзіне берік, ісіне адал болу, отбасының, өз ортасының абыройын асыру, әдеп нормаларын ұстану, шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну, достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну, мейірімділік таныту арқылы қалыптасады.

Ар-ұят құндылығы арқылы адалдықты жоғары бағалайтын, сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытатын, ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайтын, достарын, сыныптастарын сыйлайтын, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсететін тұлға тәрбиелеуді көздейді.

Талап құндылығы өскелең ұрпақ бойында мәдениеттілік, табандылық, үнемшілдік, қанағат, ерік-жігер, таза ой мен адал ниетке тұғыр болады. Сол себепті талап құндылығы білім алушылардың сыни және креативті ойлау, жеке және командамен жұмыс істей білу, білуге, жаңаны тануға құштар болу, физикалық белсенді болу, салауатты өмір салтын ұстану, технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету, дұрыс қарым-қатынас орната білу, уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау дағдыларын дамытуға бағытталады. Талап құндылығы құндылығы арқылы жан мен тән тазалығын сақтайтын, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінетін, қоршаған орта тазалығын сақтайтын, ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылығы жоғары, ізденімпаз, жасампаз тұлға тәрбиелеуді көздейді.

Жоспар бойынша төмендегі шаралар өткізілді:

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында 10 жобамен жұмыс жасалды. Әр жобаға бөлек жоспар жасалып, жұмыстар жүргізіліп, мәліметтері жинақталды.

Атап өтетін болсақ:

1. «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Жақсылық алмасы» акциясы

«Жанында жүр жақсы адам» дөңгелек үстел, «Қарттарға қуаныш сыйла» қайырымдылық акциясы, «Адалдық асыл қасиет» сыныптан тыс шара, «Оян, ар мен адалдық» тәрбие сағаттары «Біздің таңдауымыз заңды мемлекет» дөңгелек үстел, «Еңбегі адал жас өрен» эссе жазу, Ерікті деген кім? танымдық сабақ, «Жақсылық жасайық» акциясы «Табиғатты аялайық» кластан тыс шара/эссе, «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» (ауыл үлкендеріне көмек беру).

2.«Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы бойынша «Отбасылық дәстүрлер» ата-аналармен дөңгелек үстел. «Қауіпсіз ғаламтор» «Интернет және әлем» сыныптан тыс шара. «Мен және интернет», «Ғаламтордың пайдасы мен зияны» атты сыныптан тыс шара, «Интернет және біз» дөңгелек үстел. «Қауіпсіз интернет» тақырыбына пікірталас, «Интернет менің өмірімде» атты суретшілер байқауы, «Пайдалы және қауіпсіз интернет» тақырыбына шығармалар жарысы.

3.«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша:

5қыркүйек-А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл-татулық тірегі». *«Мемлекеттік рәміздер-ұлттық мақтаныш»(көрме)*. «Ұстаз ұлы тұлға» мерекелік бағдарлама. *Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл. Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл.* *«Күзде жалықпаймыз, кітап оқимыз»* «Тәуелсіздік бақытым» көрме. «Қыста кітап оқимыз» кітап оқу акциясы. *Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл. Кластан тыс шара.* «Сүйікті кітаптар бойынша суреттер байқауы»

4.«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы аясында Жүгіру марафоны, «Футбол ойыны», Үстел теннисі ойыны, Дойбы ойыны, «Ұлттық ойындар», «Көңілді эстафеталар» өткізілді.

5. «Төрт тоқсан-төрт өнер» жобасы бойынша «Айтыс өнері» тәрбие сағаттары «Алтын сақа» олимпиадасы, «Ұлттық өнер» көрмесі, «Туған өлкем» фестивалі іс шаралары өткізілді.

6. «9 ай,9 іс шара» жобасы Сергіту сәті , Өнұран айту, Асық ату , Шығарма жазу:Болашаққа хат, Қазақ есебі, Оқуға құштар мектеп, Домбырашылар, Шахмат ойнау, Жасыл мекен.

7. «Ұшқыр-ой алаңы» жобасы бойынша «Отбасы және мектеп» пікірталас , «Мен елімніңАзаматымын», «Мен және менің құқығым» пікірсайыс , «Тәуелсіздік СҰР-2 метепішілік турнир» *дебат* ,«Тағам сапасы отандық және шетелдік тағам құрамы» пікірталас, «Ұлыстың ұлы күнін ұлықтайды» пікірсайыс, «Ұлттық дәстүрлер арқылы оқу-тәрбие процесінде адамның рухани мәдениетін қалыптастыру тақырыбында пікірталастар өткізілді.

8. «Балалар және театр жобасы»бойынша «Театр этикеті» театрларға виртуалды экскурсия,Қысқа қойылымдардың сөздерін дайындау, жаттығу. «Жеті лақ» ертегі қойылымы, Қысқа қойылымдардың сөздерін дайындау, жаттығу. «Бауырсақ » ертегісі

Қысқа қойылымдардың сөздерін дайындау, жаттығу. «Алтын мүйізді киік,Қысқа қойылымдардың сөздерін дайындау, жаттығу. «Арыстан мен тышқан» ертегісі. Қысқа қойылымдардың сөздерін дайындау, жаттығу. «Шалқан» ертегісі Қысқа қойылымдардың сөздерін дайындау, жаттығу. «Мақта қыз бен мысық» ертегісі.

9. «Жеткіншектің жеті жарғысы жобасы» бойынша Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі,ақын,ойшыл,ғұлама Қожа Ахмет Яссауидің туғанына 930 жыл, Жол қауіпсіздігін білесің бе? Тәрбие сағаттары «Бес нәрсеге асық бол» Тәрбие сағаттары «Тәуелсіздік алған елміз» ,Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург,публицист,қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135жыл **мәнерлеп оқу** , «Экология және біз» *сурет көрмесі* , «Алғыс айту –парызым!» «9 мамыр Жеңіс күні!»

➤ 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясындағы тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерінде көрсетілген бағыттар бойынша жұмыстарды, жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде жүргізу;

➤ Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезіндегі басымдықтар білім алушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету, баланың жеке басына құрмет пен сенім, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітушілікке жол бермеу;

➤ Бала тәрбиесінде жаңа заман талабына сай ата-аналардың өзіндік идеяларын іске асыруға мүмкіндіктер туғызу.

➤ Ата-аналар мектептерінің жұмысын жандандыру. «Ұлағат» әкелер мектебі мен «Азамат» ұлдар клубының, «Қызғалдақ» қыздар клубының жұмысын ұштастыра отырып жүргізу;

➤ рухани-адамгершілік, жалпыадамзаттық құндылықтарға тәрбиелеу арқылы қоғамдық мораль және мінез-құлық нормаларын меңгерту;

➤ Құқық қорғау органдарымен, аурухана қызметкерлерімен, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс орната отырып, денсаулығы зор, рухани дүниесі бай, жан-жақты дамыған тәуелсіз жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал ету;

➤ Сынып жетекшілердің кәсіби шығармашылығын дамыту, бірлестік жұмысын күшейту, сынып ұжымын ұйымдастыруға әдістемелік көмек көрсету;

➤ Түрлі жобалардың жүйелі жүргізілуіне жұмыстану;

➤ Бұқаралық ақпарат құралдарына іс-тәжірибе тарату бойынша жұмыстану;

➤ Оқушылар парламенті жұмысын жандандыру;

➤ «Ұшқыр ой» дебат үйірмесінің жұмысын жетілдіру.

Мектептегі қоғамдық ұйымдардағы оқушылардың сандық көрсеткіші

Жылдар	2023-2024
Ұйым атауы	
«Азамат» ұл балалар клубы	9 ұл бала
«Қызғалдақ» қыз балалар клубы	10 қыз бала
«Ұлағат»әкелер еріктілер клубы	6 ата-ана
«Шапағат»аналар клубы	5 ата-ана

«Отбасы»ата-аналар клубы	10 ата-ана
--------------------------	------------

Сынып жетекшілер туралы мәлімет

Жылдар	Сын жетекші	Білімі		Санаты						Курстан өткені
		Жоғары	Арнаулы орта	I	II	Педагог зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Санаты жоқ	
2023-2024	7	7	0	0	0	1	2	0	4	0

Сынып жетекшілермен жұмыс

Сынып жетекшілер ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы «12» ақпанындағы №18 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдарындағы сынып жетекшілігі туралы ережені» басшылыққа алып жұмыстанды.

2023-2024 оқу жылдарында сынып жетекшілер әдіс бірлестік кеңесінің жұмыс жоспары сәйкес түрлі семинар, жоспарлы отырыс, апталықтар ұйымдастырылды. 2023-2024 оқу жылында 34 тәрбие сағатынан құрылған күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары бар. Сонымен қатар, сынып оқушыларымен және ата-аналарымен жұмыс жоспары бар. Ұлдар мен қыздар мен жеке әңгімелесулер жүргізіп тұрды. Тәрбие сағаттарына дайындықтары жақсы.

2023-2024 оқу жылдарында сынып жетекшілер өз сыныбының білім сапасы, тәртібі мен тәрбиелік жұмысына, ата-аналармен жұмыс жүргізіп, қоғамдық ортамен бала тәрбиесіне байланысты әлеуметтік байланыс орнатып, тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасады.

Сынып оқушыларымен және ата-аналарымен жұмыс жоспары бар. Сынып жетекшілердің барлығы да онлайн форматта және қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып маскамен ата-аналардың сыныптық жиналысын өткізді. Ұлдар мен қыздар мен жеке әңгімелесулер жүргізіп тұрады.

Сыныптардағы проблемалық ахуал байқалмады. 5-6,7-8,9 сынып жетекшілері оқушының мектеп формасын қадағалауда жұмысы жақсы. Сынып жетекшілердің жыл бойы жұмыстары қадағаланып отырылды.

Ата-анамен жұмыс туралы

Жылдары	Мектеп бойынша ата-ана саны
2023-2024	35

Ата-аналар жобасы аясында «Ата-аналарды педагогикалық қолдару бұрышы» жасалды. Сонымен қатар жылына 1-4 сыныпта 8 сағат, 5-9 сыныпта 8 сағат сабақ ұйымдастырылды.

Әлеуметтік экономикалық жағдайлардың күрделілігіне қарамастан, отбасы балаларды әлеуметтендірудің негізгі институты болып қала береді. Ата-аналардың қазіргі әлеуметтік-экономикалық шындыққа қаншалық бейімделе алатынынан және позитивті ата-ана болу құзыретін қаншалық дамыта алатынынан біздің мемлекетіміздің балалары мен жастарының толыққанды дамуы мен жалпы әл-ауқаты қамтамасыз етілетін болады.

Позитивті ата-ана мәдениетін дамыту республиканың білім беру ұйымдарының педагогтарымен өзара іс-қимылда жүзеге асырылуы мүмкін. Позитивті ата-ана мәдениетінің мәні – баланың терең түсінігінде, оның қажеттіліктерін, тілектерін, белгілі бір мінез-құлықтың себептерін, жеке тұлғаның толыққанды дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасауда.

Позитивті ата-ана – достық қарым-қатынасқа негізделген ата-ана стилі, бала мен ересек адамның қолдауы, өзара ынтымақтастығы. Мұндай тәсілдің нәтижесі – орталықтың мақсаттары мен міндеттерінде көрініс табатын біздің қоғамның басты байлығы ретінде балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету.

Педагогикалық қолдау орталығының мақсаты: балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде мемлекеттік орта білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының міндеттері:

1) балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуға бағытталған ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру;

2) білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудағы өзара іс-қимылды нығайту;

3) отбасылық тәрбие процесінде балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету бойынша ата-аналардың

уәждемесін арттыру.

Бұл ретте баланың әл-ауқаты оның физикалық және психикалық денсаулығын қолдауға және жақсартуға, сапалы білім берумен, даму мүмкіндіктерімен, қауіпсіздігімен және басқа да жағдайлармен қамтамасыз етуге бағытталған факторлардың жиынтық әсері кезінде қалыптасқан жағдай ретінде қарастырылады.

Орталық қызметінің принциптері:

- Ұлттық мәдениет, құндылықтар мен дәстүрлердің сабақтастығы;
- Үдерістің гуманистік бағыттылығы;
- Ата-аналарға дифференциалды және жекелей қолдау көрсету;
- Заманауи ғылым мен тәжірибенің озық үлгілерін пайдалану;
- Әлеуметтік серіктестікке басымдық беру, ресурстық ұйымдар мен білікті сарапшыларды тарту.

Орталықтың қызметі балаларды тәрбиелеу және дамыту мәселелерінде ата-аналардың және балалардың басқа да заңды өкілдерінің құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған.

Бүгінгі таңда әр отбасына өз әлеуетін ашуға көмектесу, ата-аналардың алдында тұрған мәселелерді шешуге жәрдем беру маңызды. Бұл жағдайда келесі факторларды ескеру қажет:

1. Әр отбасының мықты жақтары мен маңызды практикалық дағдылары бар.
2. Ауызбіршілігі күшті отбасы кез келген қиындыққа төзімді болады.
3. Тіпті қиын кезде де ата-аналардың көпшілігі балаларын жақсы көреді және оларға қамқорлық жасайды.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау Орталығының бағдарламалары балаларды тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналық міндеттерді орындауды жеңілдетуге, ата-аналар мен балалардың нақты өмірде кездесетін мәселелерін шешуге ықпал етуге арналған. Тыңдаушыларына отбасының әлеуетін ашуға арналған идеялар мен құралдар, сондай-ақ балалармен табысты қарым-қатынас жасау, жеке тұлғаны дамыту үшін қолайлы орта құру тәсілдері ұсынылады.

Қатысушы ата-аналар балалардың мінез-құлқының қалай өзгертетінін біледі, баланың мінез-құлқындағы қажетті өзгерістерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін әдістерді үйренеді. Ата-аналар балаларымен қарым-қатынастың экологиялық таза тәсілдерін меңгереді, бір-бірін тыңдау және есту қабілетін дамытады, балалардың өздерін қауіпсіз сезінуіне көмектесетін шектеулерді қалай қою керектігін түсінеді, отбасындағы қарым-қатынасқа жаңа көзқараспен қарайды.

Орталықтың тақырыптарымен танысу бойынша болатын кездесулер және ата-аналардан алынатын сауалнама осы жылдың 15 қыркүйегіне дейінгі кезеңде әр түрлі жастағы: 1–4 сынып; 5–9 сынып оқушыларының ата-аналары үшін жүргізіледі.

Әр бағдарлама жылына сегіз сабақты қамтиды, олардың екеуі үшеуі мектептің өзіне қатысты мәселелер мен тақырыптар бойынша өткізілуі мүмкін.

Орталықтың сабақтары кестеге сәйкес, әр түрлі формаларды қолдана отырып, жеке өткізіледі.

Орталықтың қызметіне белсенді ата-аналарды, аға буын өкілдерін тарту көзделген.

Ата аналарды педагогикалық қолдау орталығы мектебімізде ашылды.

2-4 сынып оқушыларының ата-аналарын педагогикалық қолдау бағдарламасына сай жұмыстар жасалынды.

- Отбасы – бақыт бесігі: Ата-ана өмірінің басты мақсаты бақытты адам тәрбиелеу.
<https://www.instagram.com/p/CzTSEptom5/?igsh=MWZrOTNtcGExb3d3Ng==>
- Білімдіге дүние жарық. Таным қуанышы: баланың қызыға оқуына қалай көмектесеміз?
<https://www.instagram.com/p/C2FmbQLIVc5/?igsh=bnZjcGxicXl4Ym5o>
- Әрбір бала-жарық жұлдыз: Әр баланың ерекшелігін қалай ашамыз?
<https://www.instagram.com/p/C1G4p7aoe8L/?igsh=MW1mOGg3azhxc3R3Yg==>
- Баланы жастан... Бала бойындағы тапқырлық пен эрудицияны қалай дамытуға болады?
- Құмар ойындары тәуелділік қақпаны:
<https://www.instagram.com/p/CzYIMSdI9Me/?igsh=MXMzdm8zc3VpY294Yg==>
- Сенім арту-жетістік кепілі: <https://www.instagram.com/p/C2jIRIMlyU7/?igsh=Ym05ajMyYjdjdXV0>
- Өкені көріп ұл өсер, шешені көріп қыз өсер:
<https://www.instagram.com/reel/C5BMDwGotvx/?igsh=MW02OXJpMmZ4bDczeA==>
- Тәліммен өрілген біздің дәстүр:
<https://www.instagram.com/p/C5A8qTdo6Mo/?igsh=MTN4ZzcyYzV4YzJzeQ==>

5-9 сынып оқушыларының ата-аналарын педагогикалық қолдау бағдарламасына сай жұмыстар жасалынды.

- Баланың бас ұстазы-ата-ана:
- Ақыл айтпа жол көрсет:
- Балаға үйрету ақылынды мейірімге орап бер
- Бұлақ көрсен көзін аш. <https://www.instagram.com/p/C2rDKDwotSL/?igsh=MWRwbjI0N2d0eTk0bQ==>
- Ақпараттан ақ-қараны ажырату.
- Әр нәрсенің өлшемі бар.
- Жасөспірімдермен қарым-қатынас құпиялары
- Отбасы құндылығы- сарқылмас қазына: https://www.instagram.com/p/C1_VCrEI3TU/?igsh=MTBheG1kdmwwMmwwNw==

Қайыңдысай негізгі мектебі КММ кітапханасының жүргізілген жұмысы жөнінде ақпараттық есеп. 2023-2024 оқу жылы

Өткен оқу жылының соңында кітапхана жұмысының жұмысын одан әрі жандандыру негізінде жаңа оқу жылына мақсат қойылды. Сол мақсатқа жету үшін оқу жылының басында жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Ең алдымен мектеп кітапханасының жалпы ережесі, кітапхананың міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі негізге алынды. Мұндағы ең басты мақсат кітапхана қорына кең қолжетімділік негізінде кітапхана оқырмандарының ақпарат қажеттіктеріне сәйкес оларға ақпараттық-библиографиялық қызмет көрсету жолымен оқу-тәрбие үдерісін және өздігінен білім алуды қамтамасыз ету болып табылды. Мектеп кітапханасын пайдалану қағидалары мектеп директорымен бекітіліп, кітапхана бұрышына ілінді.

Мектеп кітапханасы 1999 жылы құрылды. Жалпы алаңы 70м², 1 оқу залы бар. Оқу залындағы орындықтар саны 12. Кітапханада 1 кітапханашы 0,5 жүктемемен қызмет етеді. Білімі –арнаулы орта. Жұмыс өтілі-8 жыл.

Қазіргі таңда кітаптар саны (мектеп оқулықтарын, көркем әдебиеттерді, кітапшаларды, журналдарды қосқанда) -3397. Оның ішінде мектеп оқулықтары -2232. Жаңа буын оқулықтарының саны-1674. Оқырмандар саны -71, қазақ тіліндегі кітаптар саны-3075.

